




«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім
бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын

"Берекелі Алтын күз!" көрме
«Балапан» кіші топ

**Тәрбиешілер: Ж.Жумагулова
Ә.Жаназарова**

**Талапты ауылы
2024-2025 оқу жылы**

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

«Берекелі Алтын күз»

Мақсаты: Балаларға берекелі күз туралы мағлұмат беріп, табиғатты қорғауға, сұлулығын тамашалауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жапырақтар, жемістер, көкөністер, ата-аналар жұмыстары.

Музыка әуені ойнап тұрады.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Ел байлығын арттырған берекелі де мерекелі, күз мерекесі баршамызға құтты болсын! Әр отбасына зор денсаулық, мол астық, мол байлық тілейміз.

Жүргізуші: Балалар, қазір бізде қандай жыл мезгілі?

Балалардың жауабы:

-Күз мезгілі.

-Күзде қандай өзгерістер болады? (күн суытады, жаңбыр жауады, т.б.)

-Жаңбыр жауады, күн суытады.

-Күзде аналарың, әкелерін не жинайды? (картоп, алма, сәбіз, қияр, т.б.)

-Картоп

-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

-Сары түс болады.

Жүргізуші: Балалар, бүгін барлығымыз күз мерекесіне жиналды.

Бізге қонақтар да келді. Бірақ біздің мерекенің сәні болмай тұрған сияқты.

-Сендер білесіңдер ме?

-Бүгінгі мерекенің сәні кім екенін?

-Қанекей балалар, ендеше күзді ортаға шақырайық.

Музыка әуенімен ортаға «Алтын күз» кіреді.

Күз: Береке бақ дарыған,

Жомарт көңіл жарқын жаз.

Сары алтынға малынған,

«Алтын күз» деген мен болам!

Армысыздар, құрметті қонақтар, балалар! Сендерге келгеніме қуаныштымын. Мен сендерге бір жұмбақ жасырамын, ал сендер жұмбақтың шешуін табуға дайынсыңдар ма?

-Балалар, иә дайынбыз.

Ағайынды бәрі

Шықса жасыл,

Түссе – сары. Бұл не? (жапырақ)

-Жарайсыңдар, балалар!

Бәріміз бірге «жапырақ», «жасыл жапырақ», «сары жапырақ» сөздерін қайталайықшы.

Жүргізуші: Алтын Күз, біздің балалармен бірге бой серігітіп ал.

(балалар шеңбер болып тұрып, әуенге іс қимыл жасап билейді)

Жүргізуші: Қане балалар, осындай молшылық күз айында бір ойын ойнайық.

Ойын «Кім жылдам?»

Шарты: Орталықта картоннан қиылған талдың бейнесі тұрады, сол суретті жапырақ жабыстыру (дәстүрен тыс скочқа жабыстыру әдісі) арқылы толықтыру.

Жүргізуші: Ой, тамаша! Осы суреттерімізден көрме жасап қояйық.

Күз: Өте тамаша балалар! Ал енді менімен бірге «Жапырақтар»биін билейік.

Би: «Жапырақ»

Жүргізуші: Балалар шеңбер болып тұрайықшы, әуенмен билеп айналып жүрейік.

(трент: ортада тәрбиеші қол шатырмен билейді, сосын балаларды өзін құшақтауды өтінеді, балалар құшақтағанда қол шатырдан жапырақтарды төгеді.)

Балаларымыздың ата-аналары жасаған көрмесін тамашалайық.

(әр баланың ата-анасының көрмеге жасаған қол өнерлерін атап көрсету)

Күз: Өте керемет! Ал, мен сендерге әкелген сыйлығым бар еді. Мен оны тәрбиеші апайларыңа тапсырамын, алтын күздің сыйлығынан дәм татасыңдар.

Жүргізуші:

-Балалар, бүгін бізде
мереке болды?

-Сендерге мереке ұнады ма?

-Балалар: Бүгінгі мереке бізге қатты ұнады.

Рахмет сізге Алтын Күз! Жыл сайын бізге келе бер, елімізге молшылық әкеле бер! Осымен біздің мерекеміз аяқталды, келгендеріңізге рахмет.

